

Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 31 мамырдағы N 11/1 қаулысы. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 маусымда N 8-8-113 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 12 ақпандағы N 5/2 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің
12.02.2014 N 5/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарына сәйкес Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2012 жылғы 1 сәуірден бастап үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мугедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - Әлеуметтік көмек).

2. Элеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсанда алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде берілсін.

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға Әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың басқа занды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) Әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) Әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсінен байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

4. "Шахтинск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Р.И. Меллятова) Әлеуметтік көмекті тағайындауды және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Шахтинск қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә.Б. Меллятов) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес Әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Рыстинге жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған қуннен кейін күнтізбелік он қун еткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Қала әкімі

E. Нагаспаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК